# Ұлытау облысы бойынша жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге 2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2026 жылғы 19 қаңтардағы № 04/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2025 жылғы 6 қарашадағы № 251 бірлескен бұйрығы, сондай-ақ Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 11 карашадағы № 91/05 қаулысы негізінде Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ұлытау облысы бойынша жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге 2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ұлытау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Ұлытау облысының әкімі* *Д. Рыспеков*

Ұлытау облысы әкімдігінің
2026 жылғы "19" қаңтар
№ 04/01 қаулысына қосымша

## Ұлытау облысы бойынша жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге 2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Жекеменшік білім беру ұйымдарының атауы | Орта білімге мемлекеттік тапсырыс бойынша бір оқушыға шаққандағы орташа шығын мөлшері (айына, теңге) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-4 сыныптар | | | | 5-9 сыныптар | | | |
| | | жалпы білім беретін сыныпта | арнайы сыныпта | ерекше білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту | жалпы білім беретін сыныпта | арнайы сыныпта | ерекше білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту |
| 1 | " ZERDELI – ZHEZU INTERNATIONA | 50 475 | 0 | 0 | 0 | 68 219 | 0 | | 0 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | L SCHOOL " ЖШС | | | | | | | 0 | |

Кестенің жалғасы

| № | Жекеменшік білім беру ұйымдарының атауы | Орта білімге мемлекеттік тапсырыс бойынша бір оқушыға шаққандағы орташа шығын мөлшері (айына, теңге) | | | | Тәрбиеленушілер саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 10-11 сыныптар | | | | |
| | | жалпы білім беретін сыныпта | арнайы сыныпта | ерекше білім беру қажеттіліктері бар | үйде оқыту | |
| 1 | "ZERDELI – ZHEZU INTERNATIONAL SCHOOL" ЖШС | 81 114 | 0 | 0 | 0 | 320 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК